

# ТЕНДЕР КЗ

№ 136 (3267)

21 сентября 2024 г.

Выходит 5 раз в неделю.

Распространяется на всей территории Казахстана.

Издается с 01 июля 2009 г.

www.tendr.kz

## Хабарландыру

"Астана-Энергия" АҚ зауыты барлық мүдделі тұлғаларға 01.10.2024 ж. бастап 5 жұмыс күніне дейін бірыңғай экологиялық порталда Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Проезд 69, 18 мекенжайында орналасқан "Астана-Энергия" АҚ зауытының "ЖЭО-1Н-120 м, № 3 түтін мұржасына капиталды жөндеу" жобасына жасалынған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімі" жобасы бойынша қоғамдық талқылау басталатынын хабарлайды.

Қоғамдық талқылау сайты: <https://ecoportal.kz/>

Барлық ақпарат үшін +77014804070; [g.ordabekova@astana-energy.kz](mailto:g.ordabekova@astana-energy.kz) хабарласуға болады.

## Объявление

АО "Астана-Энергия" доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 01.10.2024 г. в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале начнется публичное обсуждение по проекту "Раздел охраны окружающей среды" к проекту "Капитальный ремонт дымовой трубы № 3 Н-120 м ТЭЦ-1 для АО "Астана-Энергия", расположенного по адресу: г. Астана, район Байқоңыр, Проезд 69, 18.

Сайт публичного обсуждения: <https://ecoportal.kz/>

За информацией обращаться: +77014804070; [g.ordabekova@astana-energy.kz](mailto:g.ordabekova@astana-energy.kz)

Сельскохозяйственный производственный кооператив "Димаш", БИН - 160540017182 - ликвидируется. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня выхода объявления по адресу: Республика Казахстан, 140800, Павлодарская обл., Майский район, село Жумыскер, ул. Абая, д. 10, кв. 2.

## Антиретровирустық терапия: бүгінгі жетістіктері

АИТВ-инфекциясын емдеудің негізгі мақсаты - адамның өмірін ұзарту, оның сапасын арттыру, сондай-ақ АИТВ-ны жұқтыру қаупін төмендету. Заманауи медицинаның арқасында антиретровирустық терапияны енгізу арқылы иммун тапшылығымен байланысты аурулардың жиілігі және АИТВ-инфекциясынан болатын өлім-жітім төмендеді.

Антиретровирустық терапияның мақсаты:

- Вирусологиялық: АИТВ-ның вирустық жүктемесін азайту және оны төмен деңгейде ұстап тұру үшін вирустың көбеюіне тосқауыл қою.
- Иммунологиялық: Т-лимфоциттердің деңгейін жоғарылату және ағзаның инфекциялардан қорғанысын тұрақтандыру үшін иммундық жүйені қалпына келтіру.
- Клиникалық: АИТВ-инфекциясы мен өмір сүретін адамдардың өмір сүру жасы мен сапасын арттыру, сондай-ақ ЖИТС сатысың және оның көріністерінің дамуына жол бермеу.

Антиретровирустық терапия (АРТ) вирустық жүктемені анықталмайтын деңгейге дейін төмендетіп, АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдардың иммундық жүйесін қалпына келтіре бастайды. Көптеген ғылыми зерттеулер антиретровирустық терапияны ерте бастау АИТВ-ны жұқтыру қаупін төмендететінін көрсетті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасына сәйкес "Емдеу профилактика ретінде" термині CD4 жасушаларының санына қарамастан, АИТВ-ның оң мәртебесі бар барлық адамдарға антиретровирустық терапияны тағайындауды білдіреді.

Антиретровирустық препараттардың бірнеше тобы бар, олардың вирус өмірлік циклінің әртүрлі кезеңдерінде әсері бойынша әр түрге бөлінеді, препараттардың бірінші тобы жасуша ішіндегі вирустық РНҚ-ның көбеюін тежейді, екіншісі АИТВ-ның жаңа көшірмелерінің пайда болуына қарсы тұрады, үшінші топ вирустық ДНҚ-ның CD4 жасуша ядросына енуіне жол бермейді, ал басқа препараттар тобы вирустың CD4 рецепторы бар жасушамен (Т-лимфоциттер) бірігуіне және вирустың жасушаға енуіне жол бермейді.

Осыған байланысты вирустың құрылымына жан-жақты әсер ету үшін бірнеше дәрі-дәрмектерден тұратын АИТВ-ны кешенді емдеу тағайындалады. АРТ-ны қабылдаудың кеңінен таралған жүйесі - екі немесе одан да көп (үш компонентті) вирусқа қарсы препараттарды жүйелі түрде қабылдаудан тұрады.

Дәрі-дәрмектердің мөлшері мен тағайындалуы денсаулық жағдайы мен ықтимал жанама әсерлерді ескере отырып, әр пациентке жеке есептеледі. Дәрі-дәрмектердің комбинациясы ағзадағы вирустың көбеюін ғана емес, сонымен қатар оның табиғи мутациясын төмендетуге мүмкіндік беретін үш немесе төрт компоненттен таңдалады.

Егер дәрі-дәрмек тұрақты түрде қабылданбаса немесе жеткіліксіз мөлшерде болса вирус белгілі бір дәріге тұрақты болуы мүмкін. Мұндай тұрақтылық "төзімділік" деп аталады.

Терапияны тағайындау кезінде АИТВ-ның мутацияға және төзімділіктің дамуына қабілеттілігі ескеріледі, егер бір препарат вирусқа қарсы тұра алмаса, онда терапияның басқа компоненттері қарсы әрекет етуі мүмкін.

Терапияның сәтті аяқталуы:

- дәрі-дәрмекті қабылдаудың жүйелілігі;
- мөлшерді сақтау;
- АИТВ-ны емдеудің үздіксіздігі мен бейілділігі сияқты ұсыныстарды қатаң сақтаумен тікелей байланысты.

Егер адам АРТ-ны үнемі қабылдаса, онда қанда вирусты басатын және оның көбеюіне жол бермейтін дәрі-дәрмектің жеткілікті концентрация сақталады. Кейде адам қандай да бір себептерге байланысты терапияны уақытында қабылдай алмаған жағдай орын алса, қобалжудың қажеті жоқ, себебі қандағы дәрі-дәрмектің концентрациясы вирусты басу үшін жеткілікті. Дегенмен дәрі-дәрмекті қабылдауды бұзудың тұрақты болмауы өте маңызды. Тәуекел - қабылдау режимінен ауытқулар бірнеше рет немесе жүйелі болған кезде ғана пайда болады. Осындай бұзушылықтар вирустық жүктеменің өсуіне немесе АИТВ-ның қабылданып жатқан дәрі-дәрмектерге тұрақтылықтың (төзімділіктің) пайда болуына әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде қайталама аурулардың дамуына әкеледі.

Осылайша антиретровирустық терапияны дер кезінде бастау және дәрігердің барлық нұсқауларын орындау аурудың асқинуын болдырмауға және өмір сапасын сақтауға көмектеседі.

Кейде АРТ қабылдаған кезде жанама әсерлер пайда болуы мүмкін. Жанама әсер туындаған кезде АИТВ орталығының дәрігерімен байланысып, кеңес алу қажет. Көптеген жағдайларда емдеудің басында пайда болған жанама әсер біраз уақыттан кейін басылуы немесе азаюы мүмкін. Дәрігерге АРТ-ны қабылдаумен байланысты болған барлық өзгерістер туралы хабарлау өте маңызды. Болмашы белгілер (бөртпе немесе қышу, жүрек айну немесе басқа да белгілер) емдеу режимін таңдауда немесе ауыстыруда маңызды диагностикалық мәнге ие болуы мүмкін, бірақ әрқашан олай емес. Қалай болғанда да пациентке өзін-өзі емдеумен айналыспай, өздігінен басылады деп ойламай немесе терапияны дереу тоқтатпай, маманнан кеңес алу қажет.

Консультацияны АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығынан алуға болады, қабылдауды инфекционист-дәрігерлер, психотерапевт, дерматовенеролог, акушер-гинеколог жүргізеді.

Сенім телефондары: 38-04-64, 38-07-02, <https://kaz aids.kz> сайты.

С. Мусина, директордың орынбасары,  
Астана қаласының АИТВ-инфекциясының  
алдын алу орталығы

МЕДИЦИНСКИЙ ЦЕНТР

Belon  
medical

ПРИЕМ СПЕЦИАЛИСТОВ:

Стоматолог

ЛОР (детский, взрослый с выездом)

Гинеколог высшей категории

Маммолог высшей категории

Дерматовенеролог высшей категории

Гастроэнтеролог

Эндокринолог

Офтальмолог

Невропатолог

Кардиолог

Терапевт

Педиатр (с выездом)

Уролог

Хирург

Мануалист

УЗИ всех органов

ЭКГ

Дневной стационар

Все виды анализов

г. Астана, ул. Жубанова, 24

тел.: 8(7172) 93 99 15

моб.: 8 702 845 99 05

e-mail: [medical@belon.kz](mailto:medical@belon.kz),

Сайт: [www.belon.kz](http://www.belon.kz)

ЧАСЫ ПРИЕМА:

Каждый день с 08:00-20:00 ч.

ПО ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЙ ЗАПИСИ

## МЕДИЦИНСКИЙ ЦЕНТР

# Belon medical

- ПРОКТОЛОГ
- ДЕРМАТОВЕНЕРОЛОГ
- ГИНЕКОЛОГ
- УРОЛОГ
- ТЕРАПЕВТ
- УЗИ ВСЕХ ОРГАНОВ
- МЕДИЦИНСКИЕ АНАЛИЗЫ
- УЗИ ИССЛЕДОВАНИЯ
- КОНСУЛЬТАЦИИ
- СТОМАТОЛОГИЯ



Наш адрес:

010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Жубанова, 24

Тел/факс: +7 (7172) 93-39-46, e-mail: [medical@belon.kz](mailto:medical@belon.kz),

[www.belon.kz](http://www.belon.kz)

## Офисы в аренду

### Во всех районах города Астаны



От 10 до 90 кв.м. От 3000 тенге/кв.м Тел. 8-778-188-15-61.



## ТИХИЙ УЮТНЫЙ "BELON LUX HOTEL"

удачно расположен в самом центре столицы Республики Казахстан между Домом министерств и символом города - Байтереком. В пешей доступности находятся все достопримечательности, офисы крупных компаний, городские рестораны и кафе, Центральный концертный зал и многое другое.

Астана, ул. Достык, 13, тел: +7(7172) 57-41-04, + 7 707 900 89 93  
e-mail: [info@belon.kz](mailto:info@belon.kz)

# Belon Home

Квартиры гостиничного типа в аренду во всех районах города Астаны



“Упакованные”. Оплата ежемесячно. Тел: 8 777 191 3940



## SKIF

Проспект Женис 51  
+7 (702) 527-20-01



Дорогие жители и гости столицы!  
Банкетный зал «ТУМАР» приглашает Вас  
для Вас событие в большом  
уютном и светлом зале!  
Контакты: 8 (708) 323 94 26 Аружан!  
Адрес: Желтоқсан 2т, Ресторан «Тумар»



# Belon Home

Квартиры гостиничного типа в аренду во всех районах города Астаны




“Упакованные”. Оплата ежемесячно. Тел: 8 777 191 3940

## Belon Life

- фитнес • hotel -



Хочешь быть стройной и привлекательной?  
Хочешь быть подтянутым и сильным?  
Новый фитнес-клуб «Belon Life» поможет в этом.



**Инвестируйте в свое здоровье! Это самые надежные инвестиции!**

Тренажеры на все группы мышц, два бассейна с джакузи и гидромассажем, четыре вида саун, десятки групповых самых современных программ - все это по очень доступным ценам! Первым записавшимся - скидки!

Астана, пр-т Абылай-хана, 24/1, тел: +7 (7172) 56 20 20  
e-mail: [life@belon.kz](mailto:life@belon.kz), [www.belon.kz](http://www.belon.kz)

Собственник:  
ТОО «Издательство БМ»  
Свидетельство о постановке на учет  
средства массовой информации № 10693-Г  
от 26 февраля 2010 года.

Выдано Министерством культуры и  
информации Республики Казахстан.  
Адрес редакции: Республика Казахстан,  
010000, г. Астана, мкр. Самал 9, офис 1

Тел/ф: 8 (7172) 43 91 07.

E-mail: [info@tendr.kz](mailto:info@tendr.kz)  
[www.tendr.kz](http://www.tendr.kz)

Ответственность  
за содержание рекламы  
и объявлений несет  
рекламодатель.  
Перевод с государственного языка  
на русский и наоборот  
осуществляет рекламодатель.

Главный редактор  
Болат Ережепов  
Газета печатается в типографии  
ТОО «Издательство БМ»,  
г. Астана, ул. Жубанова, 24/1.  
8(7172) 93-98-25  
Заказ № 136 ТК